

## **Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 қазан N 1351. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.19. N 1075 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 және "Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлықтарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 23 қазандағы  
N 1351 қаулысымен  
бекітілген

**Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың  
мемлекеттік тіркелімін жүргізу  
ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғаларының ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарын мемлекеттік есепке алу мен тіркеуді жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарды мемлекеттік есепке алу мен тіркеу мына мақсаттарда жүзеге асырылады:

азаматтар мен ұйымдарды дерекқорларда бар ақпараттар туралы, сондай-ақ оларға қол жеткізу тәртібі туралы хабардар ету;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарын ақпараттық қамсыздандыруды ұйымдастыру;

дерек беру желілерінің бар екендігі, жай-күйі мен параметрлері туралы, өздері қолдайтын деректер беру хаттамалары, тораптардың аймақтық орналасуы, қорғалу дәрежесі туралы хабардар ету;

ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды әзірлеушілер үшін қолда бар деректер туралы және басқа дерекқорлармен ақпарат алмасуды жолға қою немесе олармен кірігу мүмкіндіктері туралы ақпарат беру.

3. Әзірленуі мен құрылуы мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының аумағындағы мемлекеттік дерекқорлар және деректерді беру желілері міндетті түрде мемлекеттік есепке алынуы және тіркелуі тиіс.

Мемлекеттік емес дерекқорларды және деректер беру желілерін мемлекеттік тіркеу көрсетілген дерекқорлар және деректерді беру желілері иелерінің бастамасы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік емес дерекқорларды және деректер беру желілерін жаңарту (өзекті ету) көрсетілген дерекқорлар және деректер беру желілері иелерінің бастамасы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Дерекқорларды мемлекеттік есепке алу оларды әзірлеу кезеңінде жүзеге асырылады.

Дерекқорларды мемлекеттік тіркеу олар пайдалануға қабылданғаннан кейін жүзеге асырылады.

Деректер беру желілерін мемлекеттік тіркеу оның иесі деректер беру қызметін көрсетуге белгіленген тәртіппен тиісті лицензия алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Осы Ережені бекіту кезіне пайдаланымда болған мемлекеттік дерекқорлар және мемлекеттік деректер беру желілері Ереже жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде тіркелуі тиіс.

4. Мемлекеттік есепке алу және тіркеу жалпы пайдаланудағы дерекқорларды да, басқару, өндіру, зерттеу және басқа да процестерді қамтамасыз ету үшін түрлі автоматтандырылған жүйелерде пайдаланылатын дерекқорларды да қамтиды.

Заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге жатқызылған ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарды қоспағанда, кез келген тақырыптық бағыттағы, мақсаттағы және құрылымдағы ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар осы Ережеге сәйкес мемлекеттік есепке алынуы және тіркелуі тиіс. Бұл ретте заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге жатқызылған ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар тек Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің

келісімімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің рұқсат етуімен, қорғау және оларға қол жеткізуді шектеу жөніндегі қажетті іс-шаралар сақтала отырып, есепке алынуы және тіркелуі тиіс.

5. Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарды мемлекеттік есепке алу мен тіркеуді мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті ұйым (бұдан әрі - уәкілетті ұйым) жүзеге асырады.

6. Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарды тіркеу ресурс иесінің өтінімі негізінде жүргізіледі. Уәкілетті ұйым көрсетілген өтінімді алған кезден бастап бір айдың ішінде оны тіркеп, тіркеу куәлігін береді не нысанды тіркеуден жазбаша дәлелді бас тартады.

Мемлекеттік дерекқорлар және мемлекеттік деректер беру желілері үшін тіркеу және тіркеу туралы куәліктер беру ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік тіркелімі қызметіне бөлінетін республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік емес дерекқорларды және мемлекеттік емес деректер беру желілерін тіркеу және тіркеу туралы куәліктерді ресімдеу белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтер бойынша, ақылы негізде жүзеге асырылады.

Дерекқорларды әзірлеу туралы хабарлама, тіркелу өтінімдері, дерекқорлар және деректер беру желілерін тіркеу туралы куәліктер нысандарын, сондай-ақ тіркелу өтінімдерін толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

7. Уәкілетті ұйым Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік тіркелімін (бұдан әрі - Мемлекеттік тіркелім) жүргізеді, сондай-ақ тіркелген ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар туралы дерекқор жасайды және пайдаланады.

8. Уәкілетті ұйым құрылатын және пайдаланылудағы дерекқорлар және деректер беру желілері туралы мәліметтерді мемлекеттік есепке алу мен тіркеу үшін, ұйымдар мен кәсіпорындарға оларды дайындауда қажетті әдістемелік көмек көрсетеді.

## **2. Ережеде пайдаланылатын негізгі түсініктер**

9. Ережеде мынадай негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар - дерекқорлар және деректерді беру желілері;

2) дерекқор - машина оқуы көздерінде ұйымдастырылған өзара байланысты деректер жиынтығы;

3) мемлекеттік дерекқор - толығынан немесе ішінара мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жасалған, сатып алынған, жинақталған немесе алып жүретін деректер қоры;

4) деректер беру желісі - заңды және жеке тұлғалар арасында ақпарат алмасуды, ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді және ақпараттық ресурстардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру үшін жүйеге біріктірілген телекоммуникациялық ж а б д ы қ ;

5) мемлекеттік деректер беру желісі - толығынан немесе ішінара мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жасалған, сатып алынған, жинақталған немесе алып жүретін деректер беру желісі;

б) ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар иесі - көрсетілген ресурстарға иелікті және пайдалануды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлға.

### **3. Дерекқорларды есепке алу және тіркеу**

10. Мемлекеттік дерекқорларды сатып алуды және пайдаланымды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар уәкілетті ұйымға хабарлама немесе тіркелу өтінімдерін жібереді.

11. Мемлекеттік дерекқорларды есепке алу үшін оларды әзірлеу басталғаны туралы хабарлама:

дерекқорларды әзірлеушімен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес анықталған шарт жасасқан;

әзірленуі оны орындауға арналған шартта немесе техникалық тапсырмада көзделген жұмыстың құрамдас бөлігі немесе жеке кезеңі болып табылатын дерекқорлар бойынша жұмыстың тиісті кезеңі басталған күннен бастап 20 күндік мерзімде жіберіледі.

12. Мемлекеттік дерекқорларды тіркеу үшін тіркелу өтінімдері оларды пайдаланымға қабылдаған немесе оларды беру туралы шарт орындалған ( жасалып қойған дерекқорларды сатып алу жағдайында) кезден бастап 20 күндік мерзімде жіберіледі.

Тіркелу өтінімінде көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін өтінім беруші (дерекқор иесі) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

13. Мемлекеттік емес дерекқорлар иесінің бастамасы бойынша мемлекеттік тіркеуге өтінімдерді ресімдеу пайдаланымның кез келген кезеңінде жүргізіледі. Мемлекеттік емес дерекқорды әзірлеу туралы хабарлау талап етілмейді.

14. Тіркелу өтінімдері мен хабарламаның бір данасы уәкілетті ұйымға магниттік көздерде электронды түрде немесе уәкілетті ұйымның тіркеу қызметі электронды почтасының ресми атауы бойынша жіберіледі. Өтінім мәтіні қағаз көзге көшіріледі және өтініш беруші ұйымның басшысы қол қойған әрі мөрімен куәландырылған тапсырыс хатпен, бандерольмен немесе шабарманмен уәкілетті ұйымға жіберіледі.

Дұрыс ресімделмеген тіркелу өтінімдері қайтарылу себептері көрсетіле отырып, түзету үшін өтініш берушіге қайтарылады.

Өтінім берушілер қайтарылған тіркелу өтінімін алған күннен бастап 10 күндік мерзімде, тіркелу өтінімінің қайтарылу себептерін жойғаннан кейін, тіркелу өтінімін қайтадан тіркеу үшін жібереді.

15. Уәкілетті ұйым дұрыс ресімделген тіркелу өтінімін алған кезден бастап 20 күн ішінде өтінім берушінің дерекқорын Мемлекеттік тіркелімге кіргізуге және оған тіркеу нөмірін беруге, өтініш берушіге тіркеу туралы куәлік беруге міндетті.

#### **4. Деректер беру желілерін тіркеу**

16. Мемлекеттік деректер беру желілерінің иелері Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар мемлекеттік тіркеліміне тіркеу үшін тіркелу өтінімдерін желілерді пайдаланымға енгізген кезден бастап 20 күн ішінде жіберуге міндетті.

17. Деректер беру желілері үшін тіркелу өтінімдерін беру осы Ереженің 14-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

18. Тіркелу өтінімінде көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін өтінім беруші (деректер беру желісінің иесі) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

#### **5. Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар мемлекеттік тіркелімінің мәліметтерін жаңарту (өзекті ету)**

19. Тіркелгені туралы куәлігі бар ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар иесі жыл сайын 31 наурыздан кешіктірмей уәкілетті ұйымға ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың толық жаңартылған (өзекті етілген) сипаттамасын (тіркелу өтінімі нысаны бойынша) немесе ресурсты пайдаланудың тоқтатылғаны туралы себептерін қысқаша мазмұндай отырып, еркін нысанда хабар ұсынуға міндетті.

20. Жаңартылған (өзекті етілген) сипаттама немесе ақпараттық-телекоммуникациялық ресурсты пайдаланудың тоқтатылғаны туралы хабар белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті ұйым оның иесіне Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар мемлекеттік тіркелімінің мәліметтерін жаңарту қажеттігі туралы жазбаша еске салу жібереді.

Егер иеленушіге жазбаша еске салу жіберген кезден бастап 2 апталық мерзімде жаңартылған (өзекті етілген) сипаттама немесе ресурсты пайдаланудың тоқтатылғаны туралы хабар түспесе, уәкілетті ұйым ресурсты әзірлеуді немесе пайдалануды қаржыландырушы мемлекеттік органға тәртіп бұзушылықты жою жөнінде шаралар қабылдау үшін тиісті хабарлама жібереді.

Хабарламаның көшірмесі мәлімет үшін байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

21. Уәкілетті ұйым тіркелген ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар иелерінен тіркеу деректерінің құрамын немесе мазмұнын нақтылаумен немесе оның өзгеруімен байланысты ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар

туралы қосымша ақпарат сұрауға құқылы.

22. Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурсты пайдаланудың тоқтатылғаны туралы хабар алынған жағдайда, оның Мемлекеттік тіркелімдегі тіркеу күші жойылады, бұл туралы осы ресурс иесіне тіркеу күші жойылған кезден бастап бір ай ішінде жазбаша түрде хабарланады.

23. Байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесе, уәкілетті ұйымды тарта отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану жөнінде тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

Тексеру барысында мыналар зерделенеді:

мемлекеттік ақпараттық ресурстар иелерінің Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар мемлекеттік тіркеліміне ұсынған мәліметтерінің дұрыстығы, толықтығы және өзектілігі;

мемлекеттік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша ақылы қызметтер көрсету жағдайының қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі;

егер мемлекеттік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді шектеулер бар болса, қолданыстағы заңнаманың талаптары ескеріле отырып, ондай шектеулердің негізділігі.

## **6. Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарды тіркеу туралы мәліметтерді ұсыну мен жариялау тәртібі**

24. Уәкілетті ұйым байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстарды есепке алу мен тіркеу барысы туралы тоқсан сайынғы есепті, сондай-ақ оларды өзекті ету туралы мәліметтерді ұсынады.

25. Уәкілетті ұйым тоқсан сайын орталық мемлекеттік атқарушы органдарға жаңадан тіркелген ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар туралы қысқаша талдау анықтамалар жібереді.

26. Уәкілетті ұйым есепке алынған және тіркелген ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар туралы мәліметтерді жариялайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген дерекқорлар туралы және Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік тіркелімі дерекқорының негізінде ақылы ақпараттық қызметтер көрсетеді.

27. Ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстар тіркелімі дерекқорларының

үзінділері және жалпы сипаттағы талдау материалдары Қазақстан Республикасының Үкіметі Веб-сайтының тиісті бөлімдерінде жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ